

2010 жылы жұмыссыздарды қоғамдық ақылы жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 5 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 ақпанда N 14-11-119 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 мамырдағы N 1565 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011.05.23 N 1565 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға жұмыссыздарды қоғамдық ақылы жұмыстарға жіберетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық ақылы жұмыстардың түрлері мен көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ауданның халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н.Тәшімбетова) бекітілген қосымшаға сәйкес, 2010 жылға арналған аудан бюджетінде қоғамдық ақылы жұмыстарға қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық ақылы жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Абдраимовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

М.Мырзабаев

2010 жылғы 11 қаңтардағы № 5
аудан әкімдігінің қаулысымен

бекітілген

2010 жылы жұмыссыздарды қоғамдық ақылы жұмыстарға жіберетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық ақылы жұмыстардың түрлері мен көлемі

Р/с	Ұйымдардың тізбесі	Жұмыстардың түрлері	Жұмыспен қамтылатындардың саны, адам
1	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Аймақтық қоғамдық іс-шараларды өткізуге көмектесу	26

2	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Жолдар құрылысы және оларды жөндеуге көмектесу	20
3	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Көгалдандыру, ағаш отырғызу	144
4	Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі	Берілген өтінімдеріне сәйкес әскери комиссариат жұмыстарына қатысу	10
5	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Әлеуметтік мәдени маңызы бар объектілерді салуға және жөндеуге қатысу	50
6	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек көрсету	10
7	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Аймақтық экологиялық сауықтыру, көріктендіру	170
8	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Әлеуметтік маңызы бар және басқа жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу	60
9	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Еңбек рыногының негізгі индикатор көрсеткішін анықтауға көмектесу	20
10	Қала, ауыл, поселке және ауылдық округтерінің әкімдері	Халық жасақшылары және құқық тәртібі	50
	Барлығы:		560

Жұмыссыздардың қоғамдық ақылы жұмыстарда орташа жұмыс істеу мерзімі 2 ай іс жүзінде сұраныс пен ұсынысқа орай қоғамдық ақылы жұмыстардың кейбіріне қатысушылардың саны, қатысудың ұзақтығы, қоғамдық ақылы жұмыстардың түрлері мен ұйымдардың тізбесі 2010 жылға арналған аудандық бюджетте қоғамдық ақылы жұмыстарды өткізуге қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.